

**"2021-2023 жылдарға арналған Тасарық ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №562 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 43 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 наурызда № 8201 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Тасарық ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 562 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7981 нөмірімен тіркелген, 2021 жылғы 06 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Тасарық ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 55199 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1124 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 54075 мың теңге;

2) шығындар – 55657 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -458 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 458 мың теңге."

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) әкім аппараты қызметін қамтамасыз ету шығындарына 952 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс III сессиясының төрағасы

*А. ОРЫМБАЕВ*

Қазалы ауданындық мәслихат хатшысы

*Б. ЖАРЫЛҚАП*

Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 43 шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 562 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Тасарық ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың тенге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	55199
1			Салықтық түсімдер	1124
	04		Меншікке салынатын салықтар	1124
		1	Мүлікке салынатын салықтар	8
		3	Жер салығы	53
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1063
4			Трансферттердің түсімдері	54075
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	54075
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	54075
<b>Функционалдық топ</b>				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			

			Атауы	
			2. Шығындар	55657
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20951
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	20951
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20951
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6890
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	6890
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5476
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	420
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	994
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	27616
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	27616
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	27616
15			Трансферттер	200
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	200
			Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған)	

		048	нысаналы трансферттерді қайтару	200
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -458
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 458
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	458
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	458
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	458